

Анықтама

Сәуір айында “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында «Қыздар білуге тиіс» атты

қыздар жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысқандар: ДТІЖО Г.Жакыбаева

Педагог-психолог Д.Арингазина

Медбике Л.Жумабаева

Әлеуметтік педагог А.Жумабаева

Сынып жетекшілер

Мақсаты:

Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, қазақ халқының ұлттық болмысын сақтай отырып, қыздарға жат қылықтарды ажырата білуге, олардың денсаулығына, тәрбиесіне келтіретін зияны туралы түсінік беру, олардың ішкі және сыртқы жан дүниесінің әдемі болуына шақыру.

Жиналыс барысында мектеп қыздарына:

1. Мектеп оқушысы қандай болуы қажет?
2. Қыздар арасында бөліну дұрыс па?
3. Жеке бас гигиенасы туралы не айтамыз?
4. Вейптің зияны
4. Қыздар арасындағы буллинг
6. Қауіпсіздік ережелері туралы айтылды.

Жиналыс барысында оқушыларға бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында орын алып жатқан келеңсіз оқиғалар, нашакорлық, есірткі зияндары, әлімжеттік пен бұзақылық, буллинг, кебербуллингтің алдын алу туралы айтылып, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау, мектеп формасын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.